

Ислам даму банкі



Орындаган: Иембергенов.Е



Ислам даму банкі, ИДБ ([араб.](#): البنك الإسلامي للتنمية, [ағылш.](#) *Islamic Development Bank, IsDB*) — халықаралық қаржы даму институты, [1973](#) жылдың 18 желтоқсанында өткен мұсылман мемлекеттерінің қаржы Министрлерінің Бірінші [Конференциясының](#) ниеттері туралы Декларациясына сәйкес құрылған.





Түрі	Даму банкі
Құрылған жылы	<u>1973</u>
Орналасқан жері	<u>Джидда, Сауд Арабиясы</u>
Саласы	Қаржы
Қызметкерлер саны	932
Сайты	<u>www.isdb.org</u>



Мақсаты

- Шариат принциптеріне сәйкес, ИДБ-не мүше емес елдердегі мұсылман қауымдары мен мүше елдердің экономикалық дамуы мен әлеуметтік прогресіне қолдау көрсету болып табылады. Ислам Даму банкінің орталық пәтері Сауд Арабиясының Джидда қаласында орналасқан. Банктің жарғылық қоры 6 миллиард ислам динарына тең. Ислам динары Халықаралық валюта қорының арнаулы несиелендіру құқығының бірлік өлшеміне парапар банктің есептік бірлігі болып табылады. Ислам даму банкі көбінесе ауылшаруашылығын сумен қамтамасыз ету, канал тарту тәрізді агротехникалық және инфрақұрылымды дамыту мақсатындағы жобаларды қаржыландыруды әдетке айналдырған.



- Ислам Даму Банкі (ИДБ) аймақтық қаржы ұйымы, халықаралық дамуды қаржыландыратын және Ислам Мемлекеттері Министрлерінің 1973 жылғы желтоқсанда Джидда қаласында (Сауд Аравиясы) өткен Бірінші Конференциясында жарияланған және Ислам Конференциясы Ұйымының (ИКҰ) 23 мүше мемлекетінің өкілдері қол қойған Ниет туралы Декларацияға сәйкес бекітілген болып табылады.





- ИДБ қызметін 1975 жылғы 20 қазанда бастады.
- ИДБ мақсаты Шарифаттың қағидаларына сәйкес ИДБ мүше елдерінің және мұсылман қоғамдастықтарының экономикалық дамуына және әлеуметтік прогресіне көмек көрсету болып табылады. Мүшелерінің құрамына 52 мемлекет кіреді. ТМД елдерінің ішінде ИДБ мүшелері Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан болып табылады.
- Қазақстан Республикасы 1996 жылғы 16 мамырда ИДБ-ның 1974 жылғы 12 тамызда Джидда қаласында қол қойылған Құрылтай шартын ратификациялады.



- 1997 жылғы тамызда Алматы қаласында ТМД-да, Моңғолияда, ҚХР-да, Шығыс Еуропа аймағында орналасқан ИДБ мүше елдері және мұсылман қоғамдастықтары үшін аймақтық офисі ашылды.
- Қазақстан Ұлттық Банкі 1998 -1999 жылдары ИДБ-ның Қазақстан Республикасының атынан басқарушының офисі құқығында Ислам Даму Банкімен белсенді ынтымақтастықты жүзеге асырды.
- 1999 жылы мамырда Ислам Даму Банкінің Вице-президентінің басшылығымен Бағалау миссиясының Қазақстанға сапары болды.
- 1999 жылғы 12-14 қазанда Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Үкіметі және құрамын Кувейт араб экономикалық даму қоры, Сауд даму қоры және ИДБ ұсынған Үйлестіру Тобы арасында «дөңгелек үстел» отырысы өтті. Отырыстың нәтижесі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою және одан әрі қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру үшін Қазақстанның мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына кіретін жобалардың тізбесін қабылдау болып табылады.



- 1995 жылдан бастап Қазақстанда ИДБ жұмыс істеп келеді.
- Банк 2000 - 2003 жылдары Астана қаласында өз кеңсесін ашу, Қарағанды - Астана автожолы бөлігін, Астана - Бурабай автомобиль жолын қайта салу, Астанада ұлттық кітапхана үйін салу, пошта байланысын жетілдіру, т.б. жобаларды қаржыландырған.

